

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 17 шілдедегі № 179 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес Мойынқұм ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Алтыналмас АК" акционерлік қоғамына Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Талдыөзек жер қоры жерінен жалпы алаңы 5,5839 гектар жер учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау үшін, 2030 жылдың 01 қазанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитуті белгіленсін.

2. "Алтыналмас АК" акционерлік қоғамы қатты пайдалы қазбаларды барлаудан келтірілген шығынды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін және қатты пайдалы қазбаларды барлау жұмыстары аяқталғаннан кейін бүлінген жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Карентаев*